

**Арнайы су пайдалануға рұқсат беру туралы өтініш нысанын бекіту туралы**

***Күші жойған***

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2011 жылғы 12 қыркүйектегі № 14-1/513 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 30 қыркүйекте № 7228 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 19-1/248 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.03.2015 № 19-1/248 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 66-бабы 10-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған арнайы су пайдалануға рұқсат беру туралы өтініш нысанын бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті (Қ.А.Мейребеков) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ауыл шаруашылығы вице-министрі М.Е.Толыбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *А. Мамытбеков*

Қ а з а қ с т а н		Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л	ш а р у а ш ы л ы ғ ы	м и н и с т р і н і ң
2 0 1 1	ж ы л ғ ы	1 2
№	1 4 - 1 / 5 1 3	қ ы р к ү й е к т е г і
		б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Нысан

кімге

(мемлекеттік

органның

толық

атауы)

кімнен

(заңды немесе жеке тұлғаның толық атауы)

**Арнайы су пайдалануға рұқсат беру туралы өтініш**

(Қазақстан Республикасының Су кодексінің 66-бабының 6 тармағына сәйкес су пайдалану түрін көрсету)

рұқсат беруіңізді сұраймын.

1. Жеке немесе заңды тұлға туралы мәліметтер:

1) жеке тұлғалар үшін төлқұжат деректері, СТН (ЖСН) немесе заңды тұлғалар үшін тіркеу туралы куәлік, СТН (БСН) \_\_\_\_\_  
(№, кім және қашан берген)

2) мекен жайы; \_\_\_\_\_;  
(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй №, телефон, факс)

3) филиалдар, өкілдіктер \_\_\_\_\_;

4) су пайдалануға жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, байланыс телефоны \_\_\_\_\_

2. Жер үсті суларын (ағызылатын сарқынды суларды, жер асты су көзін) алу және (немесе) пайдалану орындарының координаттары көрсетілген ахуалдық схемасы \_\_\_\_\_ (қоса беріледі).

3. Су пайдалану мақсаты \_\_\_\_\_

4. Су объектісінің атауы, негізгі гидрологиялық және гидрогеологиялық сипаттамалары, су пайдаланудың басқа да шарттары \_\_\_\_\_

5. Жер үсті суларын (ағызылатын сарқынды суларды, алынатын жер асты суларын) алу және (немесе) пайдаланудың есептік көлемі осы Арнайы су пайдалануға рұқсат беру туралы өтінішке қосымшаға сәйкес ұсынылады.

6. Өнім бірлігіне кететін жер үсті, жер асты және сарқынды сулардың үлестік шығыстары \_\_\_\_\_

7. Су пайдалануды бастау және аяқтаудың болжанып отырған мерзімі \_\_\_\_\_

8. Су пайдаланушының өндірістік қызметіне сипаттама (шығарылатын өнімнің көлемі, қызметкерлердің, қызмет көрсетілетін халықтың саны, қуаты, суарылатын учаскелерінің алаңдары) \_\_\_\_\_

9. Арнайы су пайдалануға бұрын берілген рұқсаттың деректері (нөмірі, берілген күні, кім берді, қолданылу мерзімі, егер осылар өтініш берушіде бар болса, жер үсті және жер асты суларын алу және (немесе) пайдалану жөніндегі пайдалану, өнеркәсіптік және басқа да сарқынды суларды жер беті су объектілеріне ағызу тәжірибесі) \_\_\_\_\_

10. Суды пайдалануды есепке алуға, режимдік байқаулар мен зертханалық

талдаулар жүргізуге арналған жабдықтардың сипаттамалары

Ө т і н і ш б е р у ш і

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

М ө р о р н ы

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Өтініш 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ карауға қабылданды

(өтінішті қабылдаған тұлғаның қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

А р н а й ы с у п а й д а л а н у ғ а р ұ қ с а т  
б е р у т у р а л ы ө т і н і ш к е  
қосымша

**Жер үсті суларын (ағызылатын сарқынды суларды, алынатын жер асты суларын) алу және (немесе) пайдаланудың есептік көлемі**

№ р/с	Айлар	Литр/секунд	Текше метр/тәулік	Текше метр/ай
1	2	3	4	5
1	Қаңтар			
2	Ақпан			
3	Наурыз			
4	Сәуір			
5	Мамыр			
6	Маусым			
7	Шілде			
8	Тамыз			
9	Қыркүйек			
10	Қазан			
11	Қараша			
12	Желтоқсан			
Барлығы жылына, текше метр/жыл				